

Отар ауылдық округінің Бел ауылындағы көше атауларын өзгерту туралы

Жамбыл облысы Қордай ауданы Отар ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 13 қаңтардағы № 2 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 10 ақпанда № 3308 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, Жамбыл облысы әкімдігі жанындағы ономастика комиссиясының 2016 жылғы 8 желтоқсандағы қорытындысы негізінде және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Отар ауылдық округінің Бел ауылы көшелерінің атауларын өзгертілсін:

Зеленая көшесі – Ақжар;

Целинная көшесі – Тәуелсіздік;

Юбилейная көшесі – Көкбастау;

Железнодорожная көшесі – Ақбастау.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Отар ауылдық округі әкімінің орынбасары Е . Тулеуовке жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарына мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі

Ж. Шадиев